

HP ENVY 14 жұмысын бастау

© Copyright 2010 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

ATI Catalyst және ATI Eyefinity Advanced Micro Devices, Inc. корпорациясының, ал Microsoft және Windows Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері болып табылады. Bluetooth белгісі – Hewlett-Packard Company компаниясының лицензия бойынша пайдаланатын сәйкес иесінің сауда белгісі. SD Logo белгісі –оның иесінің сауда белгісі.

Осы құжат қамтитын ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. HP өнімдері мен қызметтеріне барлық кепілдіктер аталған өнімдер мен қызметтерге тіркелетін осы кепілдіктер туралы анықтамаларда белгіленген. Осы құжатта берілген ешбір мәліметті қосымша кепілдік ретінде түсіндіруге болмайды. HP осы құжаттағы техникалық немесе басылған не түсіп қалған қателер үшін жауапты болмайды.

Бірінші басылым: Тамыз 2010

Құжат бөлігінің нөмірі: 621962-DF2

### **Өнім ескертпесі**

Пайдаланушы нұсқаулығы көптеген модельдерге бірдей болатын мүмкіндіктерін сипаттайды. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде жұмыс істемеуі мүмкін.

### **Бағдарламалық құрал терминдері**

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнатсаңыз, көшірсеңіз, жүктеп алсаңыз немесе басқа жолмен пайдалансаңыз, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісім (EULA) шарттарын қадағалауға келіскен боласыз. Осы лицензиялық шарттармен келіспеген жағдайда, төленген қаражатты компьютерді сатқан орынның қаражат қайтару ережелеріне сәйкес қайтару үшін пайдаланбаған өнімді (жабдықты және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтару жалғыз шараңыз болып табылады.

Компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы толық ақпаратты жергілікті сату нүктесінен (сатушыдан) алыңыз.

## **Пайдаланушы нұсқаулықтары**

HR компаниясы өнімдерінің қоршаған ортаға әсерін азайту міндетін мойнына алады. Осыған байланысты пайдаланушы нұсқаулықтары мен үйретуші орталықтарды компьютердің қатты дискісіндегі Анықтама және қолдау орталығында орналастырылады. Пайдаланушы нұсқаулықтары үшін қосымша қолдау мен жаңартуларды веб-тораптан алуға болады.



## Қауіпсіздік ескертпелері

- 
- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Күйік алу қатерін азайту және компьютерді қызып кетуден сақтау үшін, оны тізеге қоймаңыз немесе ауа желдеткішінің саңылауларын бітемеңіз. Компьютерді тек қатты және тегіс бетте пайдаланыңыз. Жақын жерде тұрған принтер сияқты қатты заттардың немесе жастық, кілем не киім сияқты жұмсақ заттардың ауа келу жолдарын бітеуіне жол бермеңіз. Компьютермен жұмыс істеу кезінде айнымалы ток адаптерінің денеге немесе жастық, кілем не киім сияқты жұмсақ заттарға тимеуін қадағалаңыз. Компьютер мен айнымалы ток адаптері ақпараттық құралдар аумағында қолданылатын (IEC 60950) құрылғы қауіпсіздігі бойынша халықаралық стандарттармен анықталған пайдаланушыларға арналған шектелген бет температурасы талаптарына сәйкес болуы қажет.
-



# Мазмұны

<b>1 Қош келдіңіз .....</b>	<b>1</b>
Жаңа мүмкіндіктер .....	1
Stardock бағдарламалық құралын пайдалану .....	1
ATI Eyefinity Multi-Display технологиясын пайдалану .....	2
Бір үлкен экран үшін дисплейлер конфигурациясының мысалы .....	2
Экран бейнесін ауыстырып көрсету .....	2
ATI Catalyst Control Center басқару орталығын пайдалану .....	2
Beats Audio .....	3
Ақпаратты табу .....	4
<b>2 Компьютермен танысу .....</b>	<b>6</b>
Үстіңгі жағы .....	6
Сенсорлы тақта .....	6
Шамдар .....	7
Түймешік .....	8
Пернелер .....	9
Алдыңғы жағы .....	10
Оң жағы .....	11
Сол жағы .....	13
Дисплей .....	14
Астыңғы жағы .....	15
<b>3 Желіге қосылу .....</b>	<b>16</b>
Интернет қызметінің провайдері (ISP) .....	16
Сымсыз желіге қосылу .....	17
Бар WLAN желісіне қосылу .....	17
Жаңа WLAN желісін орнату .....	17
Сымсыз жол жоспарлағышының параметрлерін реттеу .....	19
WLAN желісін қорғау .....	19
<b>4 Пернетақта және меңзегіш құрылғылары .....</b>	<b>20</b>
Пернетақтаны пайдалану .....	20
Әрекет пернелерін пайдалану .....	20
Пернелер тіркесімдерін пайдалану .....	22
Меңзегіш құрылғыларды пайдалану .....	22
Меңзеу құрылғысының басымдықтарын орнату .....	22
Сенсорлы тақтаны пайдалану .....	23
Сенсорлы тақтаны қосу және өшіру .....	23

Шарлау .....	23
Таңдау .....	24
Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану .....	24
Жылжу .....	25
Қысу/Ұлғайту .....	25
<b>5 Техникалық қызмет көрсету .....</b>	<b>26</b>
Батареяны шығарып алу немесе салу .....	26
Батареяны шығарып алу .....	26
Батареяны салу .....	27
Қосымша батареяны пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	28
Қосымша батарея құрамдас бөліктерін анықтау .....	28
Қосымша батареяны салу немесе шығару .....	29
Батареяның зарядталу және заряды таусылу кезектілігі .....	30
Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту .....	30
Қатты дискіні шығарып алу .....	31
Қатты дискіні орнату .....	32
Жад модулін қосу немесе ауыстыру .....	33
Сыртқы монитор немесе проекторды жалғау .....	36
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту .....	37
Күнделікті күтім .....	37
Дисплейді тазалау .....	37
Сенсорлы тақтаны және пернетақтаны тазалау .....	37
<b>6 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру .....</b>	<b>38</b>
Қалпына келтіру дискілері .....	39
Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру .....	40
Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы модельдерде) .....	40
Қалпына келтіру дискілерін пайдалану арқылы қалпына келтіру .....	40
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау .....	41
Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану .....	41
Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану .....	42
Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты .....	42
Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау .....	42
Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру .....	42
<b>7 Тұтынушыларды қолдау .....</b>	<b>43</b>
Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласу .....	43
Жапсырмалар .....	43



<b>8 Техникалық сипаттамасы .....</b>	<b>45</b>
Тұтынылатын қуат .....	45
Жұмыс ортасы .....	45
<b>Индекс .....</b>	<b>46</b>



# 1 Қош келдіңіз

Компьютер орнатылғаннан және тіркелгеннен кейін мына әрекеттерді жүзеге асыру маңызды:

- **Интернетке қосылу** — интернетке қосылу үшін, сымды және сымсыз желіні реттеңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, [Желіге қосылу 16-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.
- **Антивирус бағдарламалық құралын жаңарту** — вирустардан болатын зақымнан компьютерді қорғаңыз. Бағдарламалық құрал компьютерде алдын ала орнатылады, тегін жаңартуларға жазылу шектеулі болады. Қосымша ақпарат алу үшін, *HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығын* қараңыз. Бұл нұсқаулықты пайдалану нұсқауларын [Ақпаратты табу 4-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.
- **Компьютермен танысу** — компьютер мүмкіндіктері туралы қосымша мәлімет алыңыз. Қосымша ақпаратты [Компьютермен танысу 6-бетте](#) және [Пернетақта және меңзегіш құрылғылары 20-бетте](#) атты бөлімдерден қараңыз.
- **Қалпына келтіру дискілерін жасау** — жүйенің тұрақсыздығы немесе ақауы пайда болғанда, амалдық жүйені және бағдарламалық құралды зауыттық параметрлерге қайтарыңыз. Нұсқауларды [Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 38-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.
- **Орнатылған бағдарламалық құралды табу** — компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдар тізімін қараңыз. **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) жолын таңдаңыз. Компьютермен жеткізілетін бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралмен қоса немесе өндірушінің веб-торабында берілетін бағдарламалық құрал өндірушісінің нұсқауларын қараңыз.

## Жаңа мүмкіндіктер

### Stardock бағдарламалық құралын пайдалану

Stardock бағдарламалық құралының төмендегідей мүмкіндіктері бар:

- **Stardock MyColors** бағдарламасында негізгі Windows жұмыс үстелінің көрінісін түрлендіретін өзгермелі жұмыс үстелі тақырыбы бар. Жаңа жұмыс үстелі тұтынушы белгішелерін, бейнелеу мәнерлерін (Пуск (Бастау) түймешігі мен тапсырмалар тақтасы) және тиісті тұсқағазды қамтиды. Стандартты Windows тақырыбына қайту үшін, Stardock MyColors бағдарламасын ашыңыз және стандартты Windows тақырыбын таңдаңыз.
- **Stardock Fences** бағдарламасы жұмыс үстеліндегі белгішелерді реттеуге көмектеседі. Өзгертпелі тақырып қолданылғаннан кейін жұмыс үстеліндегі барлық белгішелер экранның төменгі сол жақ бұрышында үстінде себеті бар тік бағанаға немесе «қоршауға» орналастырылады. Fences бағдарламасының параметрлерін реттеу немесе бағдарлама бойынша анықтама алу үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Stardock** тармақтарын таңдаңыз. **Fences** пәрменін таңдап, одан кейін **Fences.Ink** тармағын таңдаңыз.


## ATI Eyefinity Multi-Display технологиясын пайдалану

Бұл компьютер келесі мүмкіндіктері бар жаңа ATI Eyefinity™ технологиясын қолдайды:

- Біреуі компьютердің Mini DisplayPort портына қосылған сыртқы 2 дисплейді қолдану мүмкіндігін ұсынады.
- Кескінді барлық сыртқы дисплейлер тобында бір үлкен бейне (SLS) ретінде созуға мүмкіндік беретін жаңа дисплей конфигурациясын ұсынады.

### Бір үлкен экран үшін дисплейлер конфигурациясының мысалы

2 сыртқы дисплейді пайдаланып, SLS мүмкіндігі арқылы кескінді екі дисплейде бір экран етіп көрсететіндей созуға болады. Екі сыртқы дисплей компьютерге Mini DisplayPort және HDMI порты арқылы қосылған.


 **ЕСКЕРІМ:** Бір үлкен бейне жасау үшін, сыртқы дисплейлердің ажыратымдылығы бірдей болуы керек. Алайда, әдепкі ажыратымдылықтары әртүрлі дисплейлерді басқа ажыратымдылыққа ауыстыру арқылы бір үлкен бейне жасауға болады.



### Экран бейнесін ауыстырып көрсету

Қосылған дисплейлердің санына қарамастан 4 конфигурация таңдауы көрсетілетін тілдесу терезесін ашу үшін, [Экран бейнесін ауыстырып көрсету](#) әрекет пернесін басыңыз.

- Проектор режимін өшіру сыртқы дисплейді ажыратып, кескінді тек компьютер дисплейінде көрсетеді.
- Көшіру режимі компьютердің HDMI немесе Mini DisplayPort порты арқылы қосылған сыртқы дисплейге компьютер дисплейінің көшірмесін жасап орнатады.
- Кеңейту режимі жұмыс үстелін компьютер дисплейі мен барлық қосылған сыртқы дисплейлерге созып, бір тұтас экран етіп көрсетеді.
- Тек проекторды пайдалану режимі компьютер дисплейін өшіріп, барлық қосылған сыртқы дисплейлерде кеңейтілген жұмыс үстелін орнатады.


 **ЕСКЕРІМ:** Бейне шығыс және әдепкі шығыс құрылғыларды ATI Catalyst басқару орталығы арқылы басқаруға болады. Қосымша ақпарат алу үшін, [ATI Catalyst Control Center басқару орталығын пайдалану 2-бетте](#) бөлімін қараңыз.

### ATI Catalyst Control Center басқару орталығын пайдалану

Жұмыс үстелдері мен дисплейлердің параметрлерін реттеу және ATI Eyefinity технологиясын басқару үшін, ATI Catalyst™ Control Center басқару орталығын пайдалану керек.

ATI Catalyst Control Center басқару орталығын ашу үшін,


1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Catalyst Control Center** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Графика** көрсеткісін нұқып, одан кейін **Рабочие столы и дисплеи** (Жұмыс үстелдері мен дисплейлер) тармағын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** ATI Catalyst басқару орталығын пайдалану туралы қосымша ақпаратты бағдарламалық құралдың анықтамасынан қараңыз.

## Beats Audio



Beats Audio — таза дыбысты қолданған кезде, терең, басқарылатын төменгі дыбыс беретін жетілдірілген дыбыс профилі. Beats Audio әдепкі параметрлер бойынша қосылған.

- ▲ Beats Audio бас параметрлерін арттыру немесе төмендету үшін, **fn** пернесін **(1)** және **b** әрпін **(2)** басыңыз.



 **ЕСКЕРІМ:** Төменгі жиілік параметрлерін Windows амалдық жүйесі арқылы да көруге немесе басқаруға болады. Бас сипаттарын көру және басқару үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс) > **Панель управления HP Beats Audio** (HP Beats Audio басқару тақтасы) > **Выравнивание** (Теңестіру) тармақтарын таңдаңыз.

Келесі кесте Beats Audio белгішелерін көрсетіп, сипаттайды.

Элемент	Сипаттама
	Beats Audio қосылғанын көрсетеді.
	Beats Audio ажыратылғанын көрсетеді.

# Ақпаратты табу

Компьютерде түрлі тапсырмаларды орындауға көмектесетін бірнеше ресурс орнатылып келеді.


Ресурс	Берілетін ақпарат
<p><i>Жылдам орнату</i> постері</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Компьютердің параметрлерін орнату</li><li>• Компьютердің құрамдас бөліктерін анықтау көмегі</li></ul>
<p><i>HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулық</i></p> <p>Бұл нұсқаулыққа өту үшін, <b>Пуск (Бастау) &gt; Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) &gt; Руководства Пользователя (Пайдаланушы нұсқаулығы)</b> тармақтарын таңдаңыз.</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қуатты басқару мүмкіндіктері</li><li>• Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту</li><li>• Компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін пайдалану</li><li>• Компьютерді қорғау</li><li>• Компьютерге күтім көрсету</li><li>• Бағдарламалық құралдарды жаңарту</li></ul>
<p>Анықтама және қолдау орталығы</p> <p>Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін, <b>Пуск (Бастау) &gt; Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)</b> тармағын таңдаңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Ел немесе аймаққа арналған қолдау үшін <a href="http://www.hp.com/support">http://www.hp.com/support</a> веб-торабын ашып, қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Амалдық жүйе туралы ақпарат</li><li>• Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары</li><li>• Ақаулықтарды жою құралдары</li><li>• Техникалық қолдауды пайдалану жолы</li></ul>
<p><i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i></p> <p>Бұл ескертулерді көру үшін, <b>Пуск (Бастау) &gt; Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) &gt; Руководства Пользователя (Пайдаланушы нұсқаулығы)</b> тармағын таңдаңыз.</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Заңдық және қауіпсіздік ескертулері</li><li>• Батареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат</li></ul>
<p><i>Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеу нұсқаулығы</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін,</p> <p><b>Пуск (Бастау) &gt; Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) &gt; Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары)</b> жолын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p><a href="http://www.hp.com/ergo">http://www.hp.com/ergo</a> веб-торабына өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Жұмыс станциясының параметрлерін дұрыс орнату, позиция, денсаулық сақтау және жұмыс дағдылары</li><li>• Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты</li></ul>
<p><i>Әлемдегі телефон нөмірлері</i> кітапшасы</p> <p>Бұл кітапша компьютермен қоса жеткізіледі.</p>	<p>HP Қолдау қызметінің телефон нөмірлері</p>
<p>HP веб-торабы</p> <p>Осы веб-сайтты көру үшін, <a href="http://www.hp.com/support">http://www.hp.com/support</a> мекенжайы бойынша өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қолдау қызметі туралы ақпарат</li><li>• Бөлшектерге тапсырыс беру және қосымша анықтама алу</li><li>• Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS (Орнату утилитасы) жаңартулары</li><li>• Құрылғы үшін қолданылатын қосалқы құралдар</li></ul>


Ресурс	Берілетін ақпарат
<p><i>Шектеулі кепілдік*</i></p> <p>Кепілдікті қолдану:</p> <p><b>Пуск</b> (Бастау) &gt; <b>Справка и поддержка</b> (Анықтама және қолдау) &gt; <b>Гарантия HP</b> (HP кепілдігі) тармағын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p><a href="http://www.hp.com/go/orderdocuments">http://www.hp.com/go/orderdocuments</a> веб-торабына өтіңіз.</p>	Кепілдік туралы ақпарат
<p>*Өніміңізге қатысты арнайы берілген HP шектеулі кепілдігін компьютердегі электрондық нұсқаулықтардан және/немесе қорапта берілген ықшам/DVD дискісінен табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда HP шектеулі кепілдігі басып шығарылған түрде де қорап ішінде берілуі мүмкін. Басылған түрдегі кепілдік берілмеген елдерде/аймақтарда басылып шыққан көшірмені <a href="http://www.hp.com/go/orderdocuments">http://www.hp.com/go/orderdocuments</a> торабынан алуға немесе келесі мекенжайға хат жазуға болады:</p>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>● <b>Солтүстік Америкада:</b> Hewlett Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, USA</li> <li>● <b>Еуропада, Таяу Шығыста, Африкада:</b> Hewlett Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Italy</li> <li>● <b>Азия-Тынық Мұхит аймағында:</b> Hewlett Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Singapore 911507.</li> </ul>	
<p>Өнімнің атын, кепілдік мерзімін (сериялық нөмір жапсырмасында берілген), атыңыз бен пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.</p>	

## 2 Компьютермен танысу

### Үстіңгі жағы


#### Сенсорлы тақта



Бөлік	Сипаттама
(1) 	Сенсорлы тақтаны өшіру шамы Сенсорлы тақтаны қосады және өшіреді. Сенсорлы тақтаны қосу және өшіру үшін, сенсорлы тақта шамын екі рет жылдам түртіңіз.
(2)	Сенсорлы тақта аймағы Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе іске қосады.
(3)	Сенсорлы тақтаның сол жақ түймешігі Функциялар сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.
(4)	Сенсорлы тақтаның оң жақ түймешігі Функциялар сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.




## Шамдар




Бөлік	Сипаттама
(1)  Сенсорлы тақтаны өшіру шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Сары: Сенсорлы тақта өшірулі.</li><li>• Өшірулі: Сенсорлы тақта қосулы.</li></ul>
(2)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ақ: Компьютер қосулы.</li><li>• Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде.</li><li>• Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.</li></ul>
(3)  Дыбыс өшіру шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Сары: Компьютер дыбысы өшірулі.</li><li>• Өшірулі: Компьютер дыбысы қосулы.</li></ul>
(4)  Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ақ: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы сияқты ішіне орнатылған сымсыз құрылғы қосулы.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Сымсыз құрылғылар зауытта іске қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Сары: Сымсыз құрылғылар өшірулі.</li></ul>







## Түймешік




Бөлік	Сипаттама
 Қуат түймешігі	<ul style="list-style-type: none"><li>• Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін, түймешікті басыңыз.</li><li>• Компьютер қосулы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін, түймешікті басып қалыңыз.</li><li>• Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін, түймешікті басып қалыңыз.</li><li>• Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін, түймешікті басып қалыңыз.</li></ul> <p>Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows® жүйесінің өшіру процедуралары тиімсіз болса, компьютерді өшіру үшін, қуат түймешігін басып, кем дегенде 5 секунд ұстап тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін, <b>Пуск</b> (Бастау) &gt; <b>Панель управления</b> (Басқару тақтасы) &gt; <b>Система и безопасность</b> (Жүйе және қауіпсіздік) &gt; <b>Электропитание</b> (Қуат опциялары) тармағын таңдаңыз немесе <i>HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығын</i> қараңыз.</p>

## Пернелер



Бөлік	Сипаттама
(1)  <b>esc</b> пернесі	<b>fn</b> пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(2)  <b>fn</b> пернесі	<b>b</b> немесе <b>esc</b> пернесімен бірге басылған кезде жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(3)  Windows логотипті перне	Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді.
(4)  Windows қолданбалар пернесі	Көрсеткінің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.
(5)  Өрекет пернелері	Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(6)  Оптикалық диск жетегін шығару пернесі	Оптикалық диск жетегін ашады.








## Алдыңғы жағы




Бөлік	Сипаттама
(1) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.
(2) Bluetooth бөлімі	Bluetooth® құрылғысы тұрады.
(3) Сандық медиа ұясы	Келесі сандық карталар пішімдерін қолдайды: <ul style="list-style-type: none"><li>• MultiMediaCard</li><li>• Қауіпсіз сандық (SD) жад картасы</li><li>• Сыйымдылығы жоғары қауіпсіз сандық жад картасы</li><li>• Secure Digital Extended Capacity жад картасы</li></ul>

## Оң жағы







Бөлік	Сипаттама
(1)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақ: Компьютер қосулы.</li> <li>Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде.</li> <li>Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.</li> </ul>
(2)  Диск шамы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақ түсте жыпылықтау: Қатты диск ашылуда.</li> <li>Сары: HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы қатты дискіні уақытша бастапқы қалпына келтіреді.</li> </ul> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы туралы ақпаратты алу үшін, <i>Справочное руководство ноутбука HP</i> (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты) қараңыз.</p>
(3)  eSATA/USB порты	Сыртқы eSATA қатты дискісі сияқты өнімділігі жоғары құрамдас бөлікті немесе қосымша USB 2.0 құрылғысын жалғайды.
(4)  HDMI порты	Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио компоненті сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
(5)  Mini DisplayPort	Жоғары сапалы монитор немесе проектор секілді қосымша сандық дисплей құрылғыларын қосады.
(6)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Оптикалық қауіпсіздік кабелін компьютерге тіркейді. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Қауіпсіздік кабелі қауіпсіздік ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қарау немесе оны ұрланудан қорғамайды.
(7)  RJ-45 (желі) ұясы	Желілік кабельді қосады.
(8) Желдету саңылаулары	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.

Бөлік		Сипаттама
(9)	Батарея шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Өшірулі: Компьютер батарея қуатымен жұмыс істеуде.</li><li>• Сары түсте жыпылықтау: Батарея төмен заряд деңгейіне, өте төмен заряд деңгейіне жетті немесе батарея жұмысында ақаулық анықталды.</li><li>• Сары: Батарея зарядталуда.</li><li>• Ақ: Компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея толық зарядталған.</li></ul>
(10)	 Қуат қосқышы	Айнымалы ток адаптеріне қосылады.

## Сол жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)  Оптикалық диск жетегі	<p>Оптикалық дискіні оқиды және жазады.</p> <p><b>ЕСКЕРТУ:</b> Оптикалық диск жетегіне 8 см-лік оптикалық дискілерді салмаңыз. Бұл компьютердің зақымдануына әкелуі мүмкін.</p>
(2)  USB порттары (2)	<p>Қосымша USB құрылғыларын қосады.</p>
(3)  Аудио шығыс (құлаққап) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) ұясы	<p>Токқа қосылатын қосымша стерео үндеткіштерге, құлақаспаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысы ұясына қосылған кезде дыбыс шығарады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады.</p> <p><b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жарақат алу қаупін азайту үшін, құлаққаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптар, гарнитураны кимес бұрын дыбысты реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік апаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Құрылғы кабелінің аудио шығыс (гарнитура) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сәйкес келетін 4 сымды қосқышы бар екеніне көз жеткізіңіз.</p>
(4)  Аудио шығыс (құлаққап) ұясы	<p>Қосымша токқа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлаққаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысы ұясына қосылған кезде дыбыс шығарады.</p> <p><b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жарақат алу қаупін азайту үшін, құлаққаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптар, гарнитураны кимес бұрын дыбысты реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік апаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p>

## Дисплей






Бөлік	Сипаттама
(1) WWAN антенналары (2)* (тек таңдаулы үлгілерде)	Сымсыз ғаламдық желілермен (WWAN) байланыс жасау мақсатында сымсыз сигналдарды жібереді және қабылдайды.
(2) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды.
(3) Ішкі микрофондар (2)	Дыбысты жазады.
(4) Веб-камера	Бейне жазады және суреттер түсіреді. Веб-камераны ашу үшін, <b>Пуск (Бастау) &gt; Все программы (Барлық бағдарламалар) &gt; HP &gt; HP MediaSmart &gt; HP MediaSmart Webcam</b> тармақтарын таңдаңыз.
(5) Веб-камера шамы	Қосулы: веб-камера қолданыста.

\*Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер* бөлімін қараңыз. Бұл ескертпелер анықтама және қолдау орталығында орналасқан.




## Астыңғы жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)  Жад модулінің бөлімі	Құрамында жад модулінің ұясы бар.
(2) Желдету саңылаулары (3)	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(3) SIM картасының ұясы (тек таңдаулы үлгілерде)	Сымсыз SIM (Абоненттің анықтау модулі) картасы бар. SIM картасының ұясы батарея ұясында орналасқан.
(4) Қосымша батарея қосқышы	Қосымша батареяны қосады.
(5)  Батареяның қақпағын ашу ысырмасы	Батарея қақпағын ашады.
(6) Батарея орны	Батарея мен қатты диск орналасады. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Батарея зауытта батарея ұясына орнатылады.

## 3 Желіге қосылу


 **ЕСКЕРІМ:** Интернетке қосылуға арналған жабдық пен бағдарламалық құрал компьютер үлгісіне және құрылғы орналасқан жерге байланысты әртүрлі болады.

Компьютер Интернетке қосылудың екі түрін қолдайды:

- Сымсыз байланыс — интернетке мобильді қосылу үшін сымсыз байланысты пайдалануға болады. [Бар WLAN желісіне қосылу 17-бетте](#) немесе [Жаңа WLAN желісін орнату 17-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сымды — интернетке сымды желіге қосылып кіруге болады. Сымды желіге қосылу туралы ақпаратты *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықтан) қараңыз.

## Интернет қызметінің провайдері (ISP)

Интернетке қосылмас бұрын, ISP есептік жазбасын жасау керек. Интернет қызметі мен модемді сатып алу үшін, жергілікті интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз. Интернет қызметі провайдері модемді орнатуға, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желілік кабельді өткізуге және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.


 **ЕСКЕРІМ:** Интернет қызметін провайдері Интернетке кіруге пайдаланушының коды мен құпия сөзін береді. Берілген мәліметтерді жазып алыңыз да, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Мына мүмкіндіктер жаңа Интернет есептік жазбасын орнатуға немесе компьютерді бұрыннан бар есептік жазбаны пайдаланатындай етіп реттеуге көмектеседі:

- **Интернет қызметтері мен ұсыныстары (кейбір жерлерде бар)** — бұл утилитта жаңа Интернет жазбасын жасауға және бар жазбаны пайдалану үшін компьютер параметрлерін реттеуге көмектеседі. Бұл утилитаны пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Online Services (Желідегі қызметтер) > Интернет тармағын** таңдаңыз.
- **Интернет провайдері беретін белгішелер (кейбір жерлерде бар)** — бұл белгішелер Windows жұмыс үстелінде көрсетілуі немесе Online Services (Желідегі қызметтер) атты жұмыс үстелі қалтасында топталуы мүмкін. Жаңа Интернет есептік жазбасын жасау және компьютерді бар есептік жазбаны пайдаланатындай етіп реттеу үшін, белгішені екі рет түртіп, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Windows жүйесінің Интернетке қосылу шебері** — Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберін Интернетке қосылудың төмендегі кез келген жағдайында пайдалануға болады:
  - Интернет қызметі провайдері тіркеген есептік жазбаңыз бар болған жағдайда.
  - Интернет есептік жазбасы болмай, Интернет қызметінің провайдерін шебердегі тізімнен таңдау керек болған жағдайда. (Интернет қызметі провайдерлерінің тізімі барлық аймақтарда көрсетілмеуі мүмкін).
  - Тізімде жоқ интернет қызметінің провайдері таңдалған жағдайда және таңдалған интернет қызметінің провайдері сізге IP мекенжайы, сондай-ақ POP3 және SMTP параметрлері сияқты арнайы ақпарат берген жағдайда.

Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберіне және шеберді пайдалану нұсқауларына кіру үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** тармағын

таңдап, Поиск (Іздеу) жолағында Connect to the Internet wizard (Интернетке қосылу шебері) деген сөздерді теріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Шебер Windows желіаралық қалқанының қосылуын немесе ажыратылуын таңдауды сұраса, желіаралық қалқанды қосу пәрменін таңдаңыз.

## Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер төмендегі сымсыз құрылғылардың бірімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- HP Мобильді кең ауқымды модулі, сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- Bluetooth құрылғысы

Сымсыз байланыс технологиясы туралы және сымсыз желіге қосылу туралы қосымша ақпарат алу үшін, *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығы), анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерін және берілген мәліметтерді қараңыз.


### Бар WLAN желісіне қосылу

1. Компьютерді қосыңыз.
2. WLAN құрылғысының қосылғанын тексеріңіз.
3. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан желі белгішесін түртіңіз.
4. Керекті желіні таңдаңыз.
5. **Подключение** (Қосылу) түймешігін басыңыз.
6. Егер қажет болса, қауіпсіздік кілтін енгізіңіз.


### Жаңа WLAN желісін орнату

Керекті жабдық:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет қызметі провайдерінен сатып алынған жылдамдығы жоғары Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағышы (бөлек сатылады) **(2)**
- Жаңа сымсыз компьютер **(3)**

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір модемдердің ішіне жол жоспарлағышы орнатылады. Интернет қызметі провайдерінен қолданылатын модем түрін сұраңыз.


Суретте Интернетке қосылған дайын WLAN сымсыз желісінің орнату үлгісі көрсетілген. Желі ұлғая түскенде, Интернетке кіру мақсатында қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді желіге жалғауға болады.



## Сымсыз жол жоспарлағышының параметрлерін реттеу

Сымсыз жергілікті желіні (WLAN) орнату туралы көмек алу үшін, жол жоспарлағышы немесе Интернет қызметі провайдері (ISP) арқылы берілген ақпаратты қараңыз.

Windows амалдық жүйесінде жаңа сымсыз желіні орнатуға көмектесетін құралдар бар. Желі параметрлерін орнату мақсатында Windows құралдарын пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалану орталығы) > Установить новую связь и сеть (Жаңа байланыс немесе желі орнату) > Установить новую сеть (Жаңа желі орнату)** тармағын таңдаңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа сымсыз компьютерді алдымен жол жоспарлағышымен бірге берілген желілік кабель арқылы жол жоспарлағышына жалғау ұсынылады. Компьютер Интернетке жалғанғанда кабельді ажыратып, Интернетке сымсыз желі арқылы кіруге болады.

## WLAN желісін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқанда немесе бар болған WLAN желісіне кіргенде, рұқсатсыз кіруден желіні қорғау мақсатында қауіпсіздік мүмкіндіктерін әрдайым қосыңыз.

WLAN желісін қорғау туралы қосымша ақпаратты *HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.


# 4 Пернетақта және меңзегіш құрылғылары

## Пернетақтаны пайдалану

### Әрекет пернелерін пайдалану



Әрекет пернелері — пернетақтаның үстіңгі жағындағы арнайы пернелерге тағайындалатын реттелетін әрекеттер.








Әрекет пернесін пайдалану мақсатында тағайындалған әрекетті іске қосу үшін, осы пернені басып тұрыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Пайдаланылатын бағдарламаға байланысты, **fn** пернесін және әрекет пернелерінің біреуін басқан кезде, осы бағдарлама ішіндегі ерекше төте мәзір ашылады.

**ЕСКЕРІМ:** Әрекет пернелері мүмкіндігін Орнату утилитасында (BIOS) ажыратуға болады, тағайындалған әрекетті іске қосу үшін, **fn** және әрекет пернелерінің бірін басып, мүмкіндікті қайта іске қосуға болады.



Белгіше	Әрекет	Сипаттама
?	Анықтама және қолдау орталығы	Анықтама және қолдау орталығын ашады. Анықтама және қолдау орталығында нұсқаулықтар, сұрақтарға жауаптар мен өнім жаңартулары бар.
	Экран жарықтығын азайту	Экран жарықтығының деңгейін төмендетеді.
	Экран жарықтығын арттыру	Экран жарықтығының деңгейін арттырады.


Белгіше	Әрекет	Сипаттама
	Экран кескінін ауыстырып қосу	<p>Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, осы перне басылғаннан кейін экран кескіні компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырылып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетіледі.</p> <p>Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне ақпаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. Сонымен қатар, <a href="#">переключение рисунка на экране</a> (экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесі компьютерден бейне ақпаратын қабылдайтын басқа да құрылғылар арасында кескіндерді ауыстырып көрсетеді.</p> <p>Компьютерге бірнеше дисплей қосуға болады. <a href="#">переключение рисунка на экране</a> (экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесін басқан кезде төрт түрлі бейне шығыс мүмкіндіктерінің біреуін таңдауға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Проектор режимін өшіру</li> <li>• Көшіру режимі</li> <li>• Кеңейтілген режим</li> <li>• Тек проекторды пайдалану режимі</li> </ul>
	Пернетақтаның артқы жарығы	<p>Пернетақтаның артқы жарығын қосады және өшіреді.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Пернетақтаның артқы жарығы зауытта іске қосылады. Батареяны ұзағырақ пайдалану үшін, пернетақтаның артқы жарығын сөндіріп қойыңыз.</p>
	Веб	<p>Веб-шолғышты ашады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Интернеттің немесе желілік қызметтердің параметрлері орнатылғанша, бұл перне Интернетке қосылу шеберін ашады.</p>
	Дыбысты азайту	Үндеткіш дыбысын азайтады.
	Дыбысты арттыру	Үндеткіш дыбысын арттырады.
	Дыбыс өшіру	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
	Сымсыз	<p>Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосады немесе ажыратады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Бұл перне сымсыз байланыс орнатпайды. Сымсыз байланысты орнату үшін, сымсыз желіні де орнату қажет.</p>
<a href="#">prt sc</a>	Экранды басып шығару	Компьютер экранының суретін түсіріп, аралық сақтағышқа көшіреді.

## Пернелер тіркесімдерін пайдалану

Пернелер тіркесімі — **fn** пернесінің (1) және **esc** пернесі (2) немесе **b** пернесінің (3) тіркесімі.

Пернелер тіркесімін пайдалану:

▲ **fn** пернесін басып қалып, пернелер тіркесімінің екінші пернесін басып қалыңыз.



Функция	Пернелер тіркесімі	Сипаттама
Жүйе ақпаратын көрсететеді.	<b>fn+esc</b>	Жүйенің аппараттық бөліктері және жүйенің BIOS нұсқасының нөмірі туралы ақпаратты көрсетеді.
Бас параметрлерін басқарады.	<b>fn+b</b>	Beats Audio бас параметрлерінің мәнін арттырады немесе азайтады.  Beats Audio — таза дыбысты сақтай отырып, терең, басқарылатын бас беретін жетілдірілген дыбыс профилі. Beats Audio әдепкі параметрлер бойынша қосылған.  Төменгі жиілік параметрлерін Windows амалдық жүйесі арқылы да көруге немесе басқаруға болады. Төменгі дыбыс сипаттарын қарау және бақылау үшін, <b>Пуск (Бастау) &gt; Панель управления (Басқару тақтасы) &gt; Оборудование и звук (Аппараттық құрал және дыбыс) &gt; HP Beats Audio Control Panel (HP Beats Audio басқару тақтасы) &gt; Equalization (Теңестіру)</b> тармақтарын таңдаңыз.

## Меңзегіш құрылғыларды пайдалану

📝 **ЕСКЕРІМ:** Компьютермен бірге жеткізілетін меңзегіш құрылғылармен қоса, компьютердегі USB порттарының біреуіне жалғау арқылы сыртқы USB тінтуірін пайдалануға болады.

## Меңзеу құрылғысының басымдықтарын орнату

Түймешік конфигурациясы, тұрту жылдамдығы және меңзер опциялары сияқты меңзегіш құрылғыларының параметрлерін реттеу үшін, Windows® жүйесіндегі тінтуір сипаттарын қолданыңыз.

Тінтуір сипаттарына кіру үшін, **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры (Құрылғылар мен басып шығарғыштар)** тармағын таңдаңыз. Одан кейін компьютеріңіз болып келетін құрылғыны




тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

## Сенсорлы тақтаны пайдалану

Көрсеткіні жылжыту үшін, бір бармақты Сенсорлы тақта бетінде керекті бағытқа жылжытыңыз. Сенсорлы тақтаның сол және оң жақ түймешіктері сәйкесінше сыртқы тінтуірдің сол және оң жақ түймешіктері сияқты пайдаланылады.


## Сенсорлы тақтаны қосу және өшіру

Сенсорлы тақтаны өшіру немесе қосу үшін, сенсорлы тақта шамын екі рет жылдам түртіңіз. Сенсорлы тақта жарығы сары болса, сенсорлы тақта өшіп тұр.




## Шарлау

Меңзерді жылжыту үшін, бір бармақты сенсорлы тақта бетінде керекті бағытқа жылжытыңыз.



## Таңдау


Сенсорлы тақтаның сол және оң жақ түймешіктері сәйкесінше сыртқы тінтуірдің сол және оң жақ түймешіктері сияқты пайдаланылады.




## Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану

Сенсорлы тақта бірқатар іс-қимылдарды қолдайды. Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану үшін, сенсорлы тақтада екі бармақты бір уақытта орналастырыңыз.

Іс-қимылдарды қосу және ажырату:

1. Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Synaptics** белгішесін  екі рет түртіп, **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойындысын ашыңыз.
2. Құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) түймешігін басыңыз.
3. Қосылатын және ажыратылатын іс-қимылдарды таңдаңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.


---


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер қосымша сенсорлы тақта мүмкіндіктерін де қолдайды. Бұл мүмкіндіктерді қарап шығу және қосу үшін, хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Synaptics** белгішесін екі рет түртіп, **Параметры устройства** (құрылғы параметрлері) қойындысын ашыңыз. Құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) түймешігін басыңыз.

---

## Жылжу

Жылжу іс-қимылы бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет. Жылжыту үшін, екі саусақты сенсорлы тақтаның үстіне бөлек қойып, оларды сенсорлы тақта арқылы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай апарыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығына тәуелді болады.



## Қысу/Ұлғайту


Қысу іс-қимылы суретті немесе мәтінді ұлғайту не кішірейту мүмкіндігін береді.

- Ұлғайту үшін, екі бармақты қысып, сенсорлы тақтаға орналастырып, одан кейін оларды жан-жаққа жылжытыңыз.
- Кішірейту үшін, екі бармақты сенсорлы тақтаға жан-жақта орналастырып, бір-біріне апарыңыз.



## 5 Техникалық қызмет көрсету

### Батареяны шығарып алу немесе салу

 **ЕСКЕРІМ:** Батарея зауытта батарея ұясына орнатылады.

**ЕСКЕРІМ:** Батареяны пайдалану туралы қосымша ақпаратты *Справочное руководство HP ноутбука* (HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығы) ішінен қараңыз.


### Батареяны шығарып алу

△ **ЕСКЕРТУ:** Жалғыз қуат көзі болатын батареяны шығарып алу ақпараттың жоғалуына апаруы мүмкін. Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, жұмысыңызды сақтап, күту күйін қосыңыз немесе батареяны шығарып алмас бұрын, компьютерді Windows арқылы өшіріңіз.

1. Батарея қақпағын ашу ысырмасын сырғытыңыз (1).
2. Батареяның қақпағын (2) компьютерден сыртқа қарай жылжытып, алып тастаңыз.



3. Батареяны босату үшін, батареяның оң жақтағы босату ысырмасын (1) сырғытыңыз.
4. Батареяны шығарып алу үшін, батареяның сол жақтағы босату ысырмасын (2) сырғытыңыз.
5. Батареяның ілгегін жоғары тартып (3), батареяны компьютерден шығарып алыңыз.



## Батареяны салу

1. Батареядағы ілгектерді батарея ұясының сыртқы бетіндегі кетіктерге **(1)** туралаңыз да, батареяны бұру арқылы **(2)** оны батарея ұясына салып орналастырыңыз.
2. Батареяны орнына бекіту үшін, **(3)** батареяның оң жағындағы босату ысырмасын жылжытыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батареяның сол жақтағы босату ысырмасы автоматты түрде орнына түседі.



3. Батареяның қақпағын орнына салыңыз **(1)**.
4. Орнына түскенше, батареяның қақпағын **(2)** артқа қарай жылжытыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Батареяның босату ысырмасы автоматты түрде орнына түседі.



# Қосымша батареяны пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Қосымша батарея компьютердің негізгі батареясының қызмет ету мерзімін ұзарта алады.


## Қосымша батарея құрамдас бөліктерін анықтау



Құрамдас бөлік	Сипаттама
(1) Батарея зарядының көрсеткіші	Батарея зарядының көрсеткішін басқан кезде батареяның қалған зарядын көрсетеді.
(2) Батарея шамы (4)	Батарея зарядының қалған мөлшерін процентпен көрсетеді. <ul style="list-style-type: none"><li>• Жыпылықтау: Қосымша батарея заряды аз деңгейіне келді.</li><li>• Бір шам қосылып тұр: Қосымша батареяның 25 пайыз көлемінде заряды қалды.</li><li>• Екі шам қосылып тұр: Қосымша батареяның 50 пайыз көлемінде заряды қалды.</li><li>• Үш шам жанып тұр: Қосымша батареяның 75 пайыз көлемінде заряды қалды.</li><li>• Төрт шам жанып тұр: Қосымша батарея заряды толы.</li></ul>
(3) Батареяны босату ысырмалары (2)	Батареяны компьютердің астынан шығарады.


## Қосымша батареяны салу немесе шығару

Қосымша батареяны салу:


 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша батареяны бірінші рет салған кезде, қосымша батарея қосқышының қорғау орамасын алып тастауды ұмытпаңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Қосымша батареяны салу немесе шығару алдында компьютерді сөндіру міндетті емес.

1. Батарея ұясын өзіңізге қаратып, компьютерді төңкеріңіз.
2. Батареяны босату үшін, **(1)** қосымша батареяның босату ысырмасын сырғытыңыз.
3. Қосымша батареяны батарея зарядының көрсеткішін өзіңізге қаратып, батареяның астымен біріктіріңіз.
4. Орнына түскенше қосымша батареяны төмен **(2)** қарай итеріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің түбіне жөндеп жалғанғанын тексеру үшін, қосымша батареяның ортасын басыңыз.


5. Қосымша батареяның босату ысырмасын **(3)** компьютерге орнату үшін сырғытыңыз.



Қосымша батареяны шешу:

1. Қосымша батареяны босату үшін, оның босату ысырмасын сырғытыңыз **(1)**.

2. Қосымша батареяны компьютердің астынан көтеріңіз (2).



## Батареяның зарядталу және заряды таусылу кезектілігі

Батареяның зарядталу және зарядын жұмсау кезектілігі негізгі және қосымша батареяның екеуі де орнатылған кезде әртүрлі болады.

- Бұл компьютерде жылдам зарядтау режимі бар (зауытта қосылған). Екі батарея да зарядталып жатқан кезде, негізгі батарея 90% зарядталған кезде ғана қосымша батарея зарядтала бастайды. Содан соң зарядталу қосымша батареяға ауысады. Қосымша батарея 90% қуат жинаған кезде, негізгі батарея 100% толғанша зарядталады. Негізгі батарея толығымен зарядталып болған соң, қосымша батарея 100%-ға толады.
- Қосымша батарея заряды өте төмен деңгейге жеткенде, батарея қуаты негізгі батареяға ауысады.
- Қосымша батарея қуаты негізгі батареядан бұрын таусылады.
- Қосымша батареяны компьютерден алып тастағанда, батарея қуаты негізгі батареяға ауысады.
- Қосымша батареяны компьютерге салғанда, батарея қуаты қосымша батареяға ауысады.

## Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту

 **ЕСКЕРІМ:** Қатты диск батарея тұратын орында орналасқан.

 **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жүйенің жауапсыз қалуын болдырмау:

Қатты дискіні қатты диск ұясынан шығармастан бұрын, компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, қатты дискіні шығармаңыз.

Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.




## Қатты дискіні шығарып алу


1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
4. Батарея қақпағының босату ысырмасын сырғытыңыз (1).
5. Батареяның қақпағын компьютерден сыртқа қарай жылжытып, (2) алып тастаңыз.



6. Батареяны алып тастаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Батареяны алып тастау туралы нұсқауларды [Батареяны шығарып алу 26-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.

7. Қатты диск бұрандаларын алып тастаңыз (1).
8. Қатты дискті оңға қарай сырғытып (2), батарея ұясынан шығарып алыңыз.




## Қатты дискіні орнату

1. Қатты дискті қатты диск ұясына салып (1), орына түскенше солға қарай итеріңіз.
2. Қатты диск бұрандаларын орнына бұраңыз (2).




3. Батареяны орнына салыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батареяны орнына салу туралы нұсқауларды [Батареяны салу 27-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.

4. Батареяның қақпағын орнына салыңыз (1).
5. Орнына түскенше батареяның қақпағын артқа қарай жылжытыңыз (2).

 **ЕСКЕРІМ:** Батареяның босату ысырмасы автоматты түрде орнына түседі.



6. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
7. Компьютерді қосыңыз.

## Жад модулін қосу немесе ауыстыру

Компьютерде бір жад модулі бөлігі бар. Компьютер жадының көлемін негізгі жад модулінің ұясында орналасқан жад модулін ауыстырып, үлкейтуге болады.

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалу қатерін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпас бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.
- △ **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық ток соғу (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.


Жад модулін қосу немесе ауыстыру:

- △ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жүйенің жауапсыз қалуын болдырмау:


Жад модульдері қоспас немесе ауыстырмас бұрын компьютерді өшіруді ұмытпаңыз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, жад модулін шығармаңыз.

Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнаымалы ток розеткасынан суырыңыз.
4. Батареяның қақпағын және батареяның өзін алып тастаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батареяны алып тастау туралы нұсқауларды [Батареяны шығарып алу 26-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.


5. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы 5 бұранданы бұрап босатыңыз (1).
6. Жад модулі бөлімінің қақпағын артқа қарай сырғытып (2), шешіңіз.



7. Егер жад модулін ауыстырып жатсаңыз, бар жад модулін алып тастаңыз:
  - a. Жад модулінің екі жағындағы ұстап тұратын қыстырғыштарды тартып алыңыз (1). Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

b. Жад модулінің шеттерінен ұстап (2), ұясынан ақырын сыртқа шығарыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз.



Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық ток өтпейтін контейнерге салыңыз.

8. Жаңа жад модулін енгізу үшін:


△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз.

a. Жад модулінің түйіскен жиектерін жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз (1).

b. Жад модулі жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрышта болғанда, модульді жад модулінің ұясына түскенше басыңыз (2).


c. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне қысым бере отырып, ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, жад модулін төмен қарай жайлап, басыңыз (3).

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, жад модулін майыстырмаңыз.




9. Жад модулі бөлімінің қақпағын қайта орнатып (1), орнына түскенше қақпақты алдыға қарай сырғытыңыз.

10. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы 5 бұранданы орнына бұрап қойыңыз (2).



11. Батареяның қақпағын және батареяның өзін орнына салыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батареяны орнына салу туралы нұсқауларды [Батареяны салу 27-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.

12. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
13. Компьютерді қосыңыз.

## Сыртқы монитор немесе проекторды жалғау


Монитор немесе проектор секілді сыртқы дисплейлерді компьютерге қосу үшін, HP HDMI - VGA Display адаптерін (тек таңдаулы үлгілерде) компьютердің HDMI портына жалғаңыз.

HP HDMI - VGA Display адаптері төмендегідей ажыратымдылық түрлерін қолдайды:


- 800 × 600
- 1024 × 768
- 1280 × 720
- 1280 × 800
- 1280 × 1024
- 1400 × 1050
- 1440 × 900
- 1600 × 1200
- 1680 × 1050
- 1920 × 1080

HDMI - VGA Display адаптерін пайдаланып сыртқы мониторды немесе проекторды қосу үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. HDMI - VGA Display адаптерін компьютердің HDMI портына жалғаңыз.



2. Сыртқы мониторды немесе проекторды адаптердің екінші бетіне қосыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер дұрыс жалғанған сыртқы дисплей құрылғысы суретті көрсетпейтін болса, суретті құрылғыға көшіру үшін, [переключение рисунка на экране](#) (экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесін басыңыз. [переключение рисунка на экране](#) (экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесін қайта-қайта басу экрандық суретті компьютер дисплейі мен құрылғы арасында ауыстырады.

## Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде жаңартуға кеңес береді. Ең соңғы нұсқаларды жүктеп алу үшін, <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз. Жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматты түрде алу үшін тіркелу қажет.

## Күнделікті күтім

### Дисплейді тазалау

- △ **ЕСКЕРТУ:** Компьютерге зиян келтіруді болдырмау үшін дисплейге суды, тазалауға арналған сұйықтықтарды немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.

Дақтар мен талшықтарды жою үшін дисплейді жұмсақ, сулы, талшықтарды қалдырмайтын матамен жүйелі түрде тазалаңыз. Дисплейге қосымша тазалау қажет болса, алдын ала суланған антистатикалық майлықтарды немесе дисплейге арналған антистатикалық тазалағышты пайдаланыңыз.

### Сенсорлы тақтаны және пернетақтаны тазалау

Сенсорлы тақтадағы кір және май меңзердің экранда секіруіне әкеліп соғуы мүмкін. Меңзердің экранда ретсіз жылжуына жол бермеу үшін, TouchPad панелін сулы матамен тазалаңыз және компьютерді пайдаланған кезде қолдарыңызды жүйелі түрде жуыңыз.

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы немесе ішкі бөліктерге зиян келтіру қаупін азайту үшін пернетақтаны тазалауға шаңсорғыш бөліктерін пайдаланбаңыз. Шаңсорғышпен тазалағаннан кейін пернетақта бетінде шаң қалуы мүмкін.

Пернелердің жабысып қалуын болдырмау үшін пернетақтаны және шаң мен пернелердің астында қалатын басқа да заттарды әрқашан тазалап отырыңыз. Пернелердің жаны мен астында орналасқан шаңды тазалау үшін, қысылған ауамен пернетақтаны желдетіңіз.


---

## 6 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

Жүйе ақаулығынан кейін жүйені қалпына келтіру және жақын арада жасалған сақтық көшірме бірдей нәтиже береді. HP компаниясы бағдарламаны орнатқаннан кейін дереу қалпына келтіру дискісін жасауды ұсынады. Жаңа бағдарлама және деректер файлдары қосылғаннан кейін ең соңғы сақтық көшірме жасауды қамтамасыз ету үшін жүйенің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасауды жалғастыру қажет.

Амалдық жүйенің құралдары және HP Recovery Manager бағдарламалық құралы мәліметтеріңізді қорғау және компьютер ақаулығы орын алған жағдайда оларды қалпына келтіру тапсырмаларын орындауға көмектесуге арналған:

- Қалпына келтіру дискілерінің жиынын жасау (Recovery Manager бағдарламасының мүмкіндігі)
- Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау
- Жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау
- Бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру
- Бүкіл жүйені қалпына келтіру (қалпына келтіру бөлімінен немесе қалпына келтіру дискілерінен)

 **ЕСКЕРІМ:** Қалпына келтіру дискілері, егер қалпына келтіру бөлімі компьютерде болмаса, жеткізіледі. Бұл дискілерді амалдық жүйені және бағдарламалық құралдарды қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз. Қалпына келтіру дискілерінің бар екенін тексеру үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз да, **Управление** (Басқару) пәрменін, одан кейін **Управление дисками** (Дискілерді басқару) тармағын таңдаңыз. Егер қалпына келтіру бөлімі бар болса, HP қалпына келтіру дискісі терезедегі тізімде көрсетіледі.


---




## Қалпына келтіру дискілері

HP компаниясы қатты дискінің ақаулығы орын алған жағдайда немесе компьютерді қалпына келтіру бөлімінің құралдарын пайдалану арқылы қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда компьютерді бастапқы зауыттық күйіне келтіре алуға сенімді болуыңыз үшін қалпына келтіру дискілерін жасауға кеңес береді. Бұл дискілерді компьютерді бірінші рет орнатқаннан кейін жасаңыз.

Бұл дискілерді қолданғанда сақ болыңыз, оларды қауіпсіз жерде сақтаңыз. Бағдарламалық құрал қалпына келтіру дискілерінің бір жинағын ғана жасауға мүмкіндік береді.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютерде орнатылған оптикалық диск жетегі болмаса, қалпына келтіру дискілерін жасау үшін қосымша сыртқы оптикалық диск жетегін (бөлек сатылады) пайдалануға немесе компьютерге арналған қалпына келтіру дискілерін HP веб-торабынан сатып алуға болады. Егер сыртқы оптикалық диск жетегі пайдаланылса, ол USB концентраторы сияқты сыртқы құрылғыдағы USB портына емес, компьютердегі USB портына жалғануы тиіс.

Нұсқаулар:

- Сапасы жоғары DVD-R, DVD+R, BD-R (жазуға арналған Blu-ray) дискілері немесе CD-R дискілерін сатып алыңыз. Ықшам дискілермен салыстырғанда, DVD және BD дискілерінің жад сыйымдылығы жоғары. Ықшам дискілерді пайдалансаңыз, 20-ға жуық дискі қажет болуы мүмкін, алайда тек бірнеше DVD немесе BD дискісі ғана қажет.
-  **ЕСКЕРІМ:** CD-RW, DVD±RW дискілері сияқты жазуға және қайта жазуға арналған дискілер, қос қабатты DVD±RW дискілері және BD-RE (қайта жазуға арналған Blu-ray) дискілері Recovery Manager бағдарламалық жасақтамасымен сыйымды емес.
- Бұл үрдіс барысында компьютер айнымалы ток қуат көзіне жалғанған болуы қажет.
  - Бір компьютерде қалпына келтіру дискілерінің тек қана бір жинағын жасауға болады.
  - Әр дискіні оптикалық жетекке енгізбес бұрын, нөмірлеңіз.
  - Егер қажет болса, қалпына келтіру дискілерінің жасалуын аяқтағанға дейін бағдарламадан шығуға болады. Келесі рет Recovery Manager бағдарламасы ашылған кезде дискілерді жасау үрдісін жалғастыру ұсынылады.

Қалпына келтіру дискілерінің жинағын жасау:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Recovery Manager > Создание диска восстановления (Қалпына келтіру дискілерін жасау)** тармағын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру

Recovery Manager бағдарламалық құралы компьютерді оның бастапқы зауыттық күйіне келтіруге мүмкіндік береді. Recovery Manager бағдарламалық құралы қатты дискідегі арнайы қалпына келтіру бөлімінен (тек таңдаулы үлгілерде) немесе қалпына келтіру дискілерінен жұмыс істейді.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру кезінде мына ақпаратты есіңізде сақтаңыз:

- Бұрын сақтық көшірме жасалған файлдарды ғана қалпына келтіруге болады. HP компаниясы компьютеріңізді орнатқаннан кейін қалпына келтіру дискілерінің жиынын (бүкіл дискінің сақтық көшірмесін) жасау үшін HP Recovery Manager бағдарламасын пайдалануды ұсынады.
- Windows жүйесінде Жүйені қалпына келтіру сияқты жөндеу мүмкіндіктері бар. Егер бұл мүмкіндіктерді әлі сынап көрмесеңіз, Recovery Manager құралын пайдаланбас бұрын оларды сынап көріңіз.
- Recovery Manager құралы зауытта алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдарды ғана қалпына келтіреді. Осы компьютермен қамтамасыз етілмеген бағдарламалық құралдарды өндірушінің веб-торабынан жүктеу немесе өндіруші қамтамасыз еткен дискіден қайта орнату қажет.

## Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы модельдерде)

Кейбір үлгілерде, қатты дискідегі бөлімнен қалпына келтіруді орындау үшін **Пуск** (Бастау) түймешігін немесе **f11** пернесін басыңыз. Бұл қалпына келтіру түрі арқылы компьютер қалпына келтіру дискілерін пайдаланбай оның зауыттық күйіне келтіріледі.

Компьютерді бөлімнен қалпына келтіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Recovery Manager бағдарламасын төмендегі жолдармен іске қосыңыз:
  - **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Recovery Manager** > **Recovery Manager** тармақтарын таңдаңыз.  
– немесе –
  - Компьютерді қосыңыз немесе қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетілгенде **esc** пернесін басыңыз. «F11 (HP Recovery)» хабары экранда көрсетілгенде **f11** пернесін басыңыз.
2. **Recovery Manager** терезесінде **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) параметрін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Қалпына келтіру дискілерін пайдалану арқылы қалпына келтіру

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Бірінші қалпына келтіру дискісін компьютердегі оптикалық диск жетегіне немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегіне енгізіңіз, одан кейін компьютерде қайта бастаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау

Ағымдағы сақтық көшірменің жасалуын қатамасыз ету үшін компьютердегі файлдардың сақтық көшірмелерін жүйелі түрде жасап отыру қажет. Ақпараттың сақтық көшірмесін қосымша сыртқы қатты диск, желілік диск немесе дискілерде жасауға болады. Мына жағдайларда жүйенің сақтық көшірмесін жасаңыз:

- Жүйелі жоспарланған кесте бойынша



**ЕСКЕРІМ:** Мәліметтердің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасау үшін еске салғышты орнатыңыз.

- Компьютер жөнделмес немесе қалпына келтірілмес бұрын
- Жабдықты немесе бағдарламалық құралды қоспас немесе өзгертпес бұрын

Нұсқаулар:

- Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін Windows® жүйесін қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану арқылы жасаңыз және оларды оптикалық дискіге немесе сыртқы қатты дискіге жүйелі түрде көшіріңіз. Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану туралы қосымша ақпаратты [Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану 42-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Жеке файлдарды құжаттар кітапханасында сақтаңыз да, бұл қалтаның сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасаңыз.
- Терезе, құралдар тақтасы не мәзір жолында реттелетін параметрлерді олардың экран суретін жасау арқылы сақтаңыз. Параметрлерді қалпына келтіру қажет болған кезде экран суреті уақытыңызды сақтауы мүмкін.

## Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану

Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралы жеке файлдардың немесе бүкіл компьютер кескінінің сақтық көшірмелерін жасауға мүмкіндік береді.

Нұсқаулар:

- Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын компьютердің айнымалы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.
- Сақтық көшірме жасау үрдісін аяқтауға қажет уақыт беріңіз. Файлдар өлшемдеріне байланысты оған бір сағаттай уақыт алуы мүмкін.

Сақтық көшірме жасау:


1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Архивация и восстановление** (Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.
2. Сақтық көшірме жасалуын жоспарлау және жүзеге асыру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Windows® жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, қызметтік бағдарламаларды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін рұқсат немесе кілтсөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

## Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану


Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктесі қатты дискінің суретін белгілі бір сәтте сақтауға және атын беруге мүмкіндік береді. Егер енгізілген өзгертулердің күшін болдырмауды қаласаңыз, осы нүктеге дейін қалпына келтіруге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұрынғы қалпына келтіру нүктелеріне қайтару бастапқы қалпына келтіру нүктесі соңғы рет жасалғаннан бері сақталған деректер файлдарына немесе жасалған электрондық пошта хабарламаларына әсер етпейді.

Сонымен қатар, файлдар мен параметрлерді жоғары деңгейде қорғау үшін бастапқы қалпына келтірудің қосымша нүктелерін жасауға болады.

## Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты

- Жабдықты немесе бағдарламалық құралдарды қоспас немесе толық түрде өзгертпес бұрын
- Мерзімді түрде, компьютер тиімді түрде жұмыс істеп отырған кезде

 **ЕСКЕРІМ:** Егер жүйені қалпына келтіру нүктесіне қайтарып, одан кейін шешіміңізді өзгертсеңіз, қалпына келтірудің күшін жоюға болады.

## Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Система (Жүйе)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Защита системы (Жүйені қорғау)** параметрін таңдаңыз.
3. **Защита системы (Жүйені қорғау)** қойындысын басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру

Бастапқы қалпына келтіру нүктесіне (алдыңғы күні мен уақытта жасалған) компьютер тиімді түрде жұмыс істеген кезде қайтару үшін төмендегі қадамдар орындаңыз:


1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Система (Жүйе)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Защита системы (Жүйені қорғау)** тапсырмасын таңдаңыз.
3. **Защита системы (Жүйені қорғау)** қойындысын басыңыз.
4. **Восстановление системы (Жүйені қалпына келтіру)** түймешігін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

# 7 Тұтынушыларды қолдау

## Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласу


Осы *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығында, *HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығы* ішінде немесе анықтама және қолдау орталығында берілген ақпарат сұрақтарыңызға жауап бермесе, HP тұтынушыларды қолдау қызметімен мына мекенжай бойынша байланысуға болады:

<http://www.hp.com/go/contactHP>

 **ЕСКЕРІМ:** Дүние жүзіндегі қолдау үшін беттің сол жағындағы **HP компаниясымен дүние жүзінде байланысу** сілтемесін таңдаңыз немесе [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html) веб-торабына өтіңіз.

Бұл торапта мына әрекеттер жасауға болады:

- HP компаниясының маманымен интернет арқылы чат сеансын жүргізу.


 **ЕСКЕРІМ:** Техникалық қолдау қызметінің белгілі бір тілдегі сөйлесу құралы жұмыс істемеген кезде оны ағылшын тілінде пайдалануға болады.

- Электрондық пошта арқылы HP компаниясының Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметін алу.
- HP компаниясының Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметінің бүкіл әлемдегі телефон нөмірлері кітапшасын пайдалану.
- HP компаниясының қызметтік орталығын табу.

## Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін:

- Сериялық нөмірі жапсырмасы — мыналарды қоса маңызды ақпаратты қамтиды:



### Бөлік

- |     |                                |
|-----|--------------------------------|
| (1) | Өнім атауы                     |
| (2) | Сериялы нөмірі (s/n)           |
| (3) | Бөлік нөмірі/өнім нөмірі (p/n) |
| (4) | Кепілдік мерзімі               |
| (5) | Модель сипаттамасы             |

Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет. Бұл сериялық нөмірі жапсырмасы батарея орнына жабыстырылған.

- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі — Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Microsoft жүйесінің түпнұсқалық туралы куәлігі компьютердің түбінде орналасқан.
- Құқықтық деректер жапсырмасы компьютер туралы құқықтық ақпарат береді. Техникалық деректер жапсырмасы батарея ұясында орналасады.
- Сымсыз куәландыру белгісі немесе белгілер (таңдаулы модельдерде ғана) — қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбаларын береді. Компьютер үлгісінде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғы болса, куәлік беру жөніндегі бір немесе бірнеше жапсырма компьютермен бірге жеткізіледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Сымсыз куәландыру белгілері батарея тұратын орынға жапсырылған.
- SIM (абонентті анықтау модулі) жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) — SIM картасының ICCID кодын (Кірістірілген байланыс картасының коды) береді. Бұл жапсырма батарея ұясының ішінде орналасқан.
- HP мобильді кең жолақты модулінің сериялық нөмірі жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) — HP ұялы кең жолақты модулінің сериялық нөмірін береді. Бұл жапсырма батарея ұясының ішінде орналасқан.

## 8 Техникалық сипаттамасы


### Тұтынылатын қуат

Егер сіз компьютерді алып, халықаралық саяхат жасауды жоспарласаңыз, осы бөлімде берілген қуат туралы ақпарат пайдалы болуы мүмкін.

Компьютер тұрақты ток қуатында жұмыс істейді, бұл қуатты айнымалы ток немесе тұрақты ток қуат көзі арқылы қамтамасыз етуге болады. Айнымалы ток көзі 100–240 В, 50–60 Гц шамасында болуы керек. Компьютерді автономдық тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болса да, айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясы осы компьютер үшін бекіткен және қамтамасыз еткен тұрақты ток қуат көзін ғана пайдалануға болады.

Компьютерді төмендегі техникалық параметрлер ішінде тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болады. Компьютеріңіз төмендегі адаптерлердің бірін пайдаланады.

Тұтынылатын қуат	Мөлшер
Жұмыс істеу кернеуі және жұмыс істеу тогы	19,0 В тұрақты ток @ 4,74 А - 90 Вт
Жұмыс кернеуі мен жұмыс тогы (жұқа адаптер)	19,5 В тұрақты ток @ 4,62 А - 90 Вт

 **ЕСКЕРІМ:** Осы өнім фазааралық кернеу 240 В-тан (орташа есептелген шаршы мән) аспайтын Норвегиялық АТ қуат жүйелеріне арналған.

**ЕСКЕРІМ:** Компьютердің жұмыс кернеуі мен тогын батарея ұясындағы жүйенің нормативтік жапсырмасынан табуға болады.

### Жұмыс ортасы

Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі
<b>Температура</b>		
Пайдалануға болатын (оптикалық дискіге жазу кезінде)	<b>5°C және 35°C арасында</b>	41°F және 95°F арасында
Пайдалануға болмайтын	<b>-20°C және 60°C арасында</b>	-4°F және 140°F арасында
<b>Салыстырмалы ылғалдылық</b> (конденсанцияланбайтын)		
Пайдалануға болатын	<b>10 - 90%</b>	10 - 90%
Пайдалануға болмайтын	<b>5 - 95%</b>	5 - 95%
<b>Ең жоғары биіктік</b> (герметизацияланбаған)		
Пайдалануға болатын	<b>-15 м мен 3048 м арасында</b>	-50 фут пен 10 000 фут
Пайдалануға болмайтын	<b>-15 м мен 12 192 м арасында</b>	-50 фут пен 40 000 фут

# Индекс

- А**  
амалдық жүйе  
    Microsoft жүйесінің түпнұсқалық туралы куәлігі бар жапсырмасы 44  
    Өнім кілті 44  
Анықтама және қолдау пернесі 20  
аудио кіріс (микрофон) ұясы, анықтау 13  
аудио шығыс (құлаққап) ұясы, анықтау 13
- Ә**  
әрекет пернелері  
    Анықтама және қолдау орталығы 20  
    анықтау 9  
    Веб 21  
    дыбысты реттеу 21  
    пайдалану 20  
    пернетақтаның артқы жарығы 21  
    сымсыз 21  
    үндеткіш дыбысын өшіру 21  
    экран жарықтығын азайту 20  
    экран жарықтығын ұлғайту 20  
    экран кескінін ауыстырып қосу 21  
әрекет пернелері, анықтау 21
- Б**  
бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру 38  
бас параметрлерінің пернелер тіркесімі 22  
бастапқы қалпына келтіру нүктелері 42  
батарея  
    Жылдам зарядтау режимі 30  
    зарядталу кезектілігі 30  
    орнына салу 26  
батареяның қаппағын ашу ысырмасы 15  
батарея орны, анықтау 15  
батарея ұясы 44  
батарея шамы 12  
бөліктер  
    алдыңғы жағы 10  
    дисплей 14  
    жоғарғы 6  
    оң жақ 11  
    сол жақ 13  
    түбіндегі 15  
бүкіл жүйені қалпына келтіру 38  
Бір үлкен бейне 2
- В**  
веб-камера, анықтау 14  
веб-камера шамы, анықтау 14
- Д**  
диск, қатты 32  
диск шамы 11  
дыбыс өшіру пернесі, анықтау 21  
дыбыс өшіру шамы, анықтау 7
- Ж**  
жад модулі  
    алу 33  
    енгізу 34  
    орнына салу 33  
жад модулі бөлімі, анықтау 15  
жад модулі бөлімінің қаппағы алу 33  
    орнына салу 34  
жапсырмалар  
    Bluetooth 44  
    HP мобильді кең жолақты модулі 44  
    Microsoft жүйесінің түпнұсқалық туралы куәлігі 44  
    SIM 44  
    WLAN 44  
сериялық нөмір 43  
сымсыз куәлік беру 44  
техникалық 44  
желдету саңылаулары, анықтау 11, 15  
желі ұясы, анықтау 11  
жұмыс ортасы 45  
жүйе ақпаратының пернелер тіркесімі 22  
жүйені бастапқы қалпына келтіруді пайдалану 42  
жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелері 38, 42  
жүйені қалпына келтіру 40  
жүйенің қатесі немесе тұрақсыздығы 38  
Жылдам зарядтау режимі 30
- И**  
Интернет қосылысын орнату 17
- К**  
кескінді экранға қосу түймешігі, анықтау 21  
компьютерді сапарға алып шығу 44  
көрсетілетін кескін, ауыстырып көрсету 21  
кірістірілген веб-камера шамы, анықтау 14
- Қ**  
қалпына келтіру, жүйе 40  
қалпына келтіру бөлімі 38  
қалпына келтіруге бөлектелген бөлімнен қалпына келтіру 40  
қалпына келтіру  
    дискілері 38, 39  
қалпына келтіру дискілерінен қалпына келтіру 40  
қатты диск  
    алу 31  
    орнату 32  
қатты диск ұясы, анықтау 15



қауіпсіздік кабелінің ұясы,  
анықтау 11  
қолдау көрсетілетін дискілер 39  
қосқыш, қуат 12  
қосымша батарея  
алу 29  
бөліктер 28  
енгізу 29  
қосымша батарея зарядының  
көрсеткіші 28  
қосымша батарея қосқышы,  
анықтау 15  
қосымша батарея шамы 28  
қуат қосқышы, анықтау 12  
қуат түймешігі, анықтау 8  
қуат шамы 7, 11  
құлаққап (аудио шығыс)  
ұясы 13

**М**  
меңзегіш құрылғылары,  
параметр басымдықтары 22  
микрофон (аудио кіріс) ұясы,  
анықтау 13  
монитор, жалғау 36

**О**  
оптикалық диск жетегі,  
анықтау 13  
оптикалық диск жетегін шығару  
пернесі, анықтау 9

**Ө**  
өнім аты мен нөмірі,  
компьютер 43  
өнім кілті 44

**П**  
пернелер  
esc 9  
fn 9  
Windows қолданбалары 9  
Windows логотипі 9  
әрекет 9  
оптикалық диск жетегін  
шығару 9  
пернелер тіркесімі  
бас параметрлері 22  
жүйе ақпаратын көрсету 22  
пайдалану 22  
сипаттама 22

пернетақтадағы пернелер  
тіркесімдері, анықтау 22  
пернетақтаның артқы жарығы,  
анықтау 21  
порттар  
eSATA 11  
HDMI 11  
USB 13  
проектор, жалғау 36

**С**  
сақтық көшірме жасау  
жеке файлдар 41  
теңшелетін терезе, құралдар  
тақтасы мен мәзір  
параметрлерінің сақтық  
көшірмесін жасау 41  
сандық медиа ұясы, анықтау 10  
сенсорлы тақта  
қосу және өшіру 23  
пайдалану 23  
таңдау 24  
түймешіктер 6  
шарлау 23  
сенсорлы тақта аймағы,  
анықтау 6  
сенсорлы тақтаны өшіру шамы,  
анықтау 7  
сенсорлы тақтаның жылжу іс-  
қимылы 25  
сенсорлы тақтаның қысу іс-  
қимылы 25  
сенсорлы тақтаның ұлғайту іс-  
қимылы 25  
сенсорлы тақта іс-қимылдары  
жылжу 25  
қысу 25  
пайдалану 24  
ұлғайту 25  
сериялық нөмір, компьютер 43  
сериялық нөмірі  
жапсырмасы 43  
сымсыз байланыс пернесі,  
анықтау 21  
сымсыз байланыс шамы 7  
сымсыз желі, қосылу 17  
сымсыз желі (WLAN), қажет  
жабдық 17  
сымсыз жол жоспарлағыш,  
параметрлерді реттеу 19

сымсыз куәлік беру жөніндегі  
жапсырма 44  
сымсыз реттеу 17

**Т**  
техникалық деректер  
сымсыз куәлік беру жөніндегі  
жапсырмалар 44  
техникалық деректер  
жапсырмасы 44  
тұтынылатын қуат 45  
түймешіктер  
қуат 8  
сенсорлы тақтаның оң  
жағы 6  
Сенсорлы тақтаның сол  
жағы 6  
Түпнұсқалық туралы куәлігі бар  
жапсырмасы 44  
тінтуір, сыртқы  
таңдаулы параметрлерді  
орнату 23

**Ұ**  
ұялар  
RJ-45 (желі) 11  
аудио кіріс (микрофон) 13  
аудио шығыс (құлаққап) 13  
батарея 15, 44  
қатты диск 15  
қауіпсіздік кабелі 11  
Сандық медиа 10

**Ү**  
үндеткіштер, анықтау 10

**Ш**  
шамдар  
батарея 12  
веб-камера 14  
диск жетегі 11  
дыбыс өшіру 7  
қуат 7, 11  
Сенсорлы тақта 7  
сымсыз 7

**Ы**  
ысырма, батареяның қақпағын  
ашу 15

## I

ішкі микрофондар, анықтау 14

## Э

экран жарықтығы пернелері 20

экран кескіні, ауыстырып  
қосу 21

## A

ATI Catalyst Control Center 2

ATI Eyefinity Multi-Display  
технологиясы 2

## B

Beats Audio 22

Bluetooth бөлімі, анықтау 10

Bluetooth жапсырмасы 44

## E

eSATA порты, анықтау 11

esc пернесі, анықтау 9

## F

f11 40

fn пернесі, анықтау 9, 22

## H

HDMI порты, анықтау 11, 36

HP HDMI - VGA Display адаптері,  
пайдалану 36

## I

ISP, пайдалану 16

## M

Microsoft жүйесінің түпнұсқалық  
туралы куәлігі бар  
жапсырмасы 44

Mini DisplayPort порты,  
анықтау 11

## R

Recovery Manager 38, 40

RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 11

## S

SIM карта ұясы, анықтау 15

Stardock Fences 1

Stardock MyColors 1

## U

USB порттары, анықтау 13

## W

Web пернесі, анықтау 21

Windows қолданбалар пернесі,  
анықтау 9

Windows логотипі бар перне,  
анықтау 9

WLAN

жалғау 17

қорғау 19

WLAN антенналары,  
анықтау 14

WLAN жапсырмасы 44

WLAN құрылғысы 44

WLAN құрылғысын орнату 17

WWAN антенналары,  
анықтау 14

